

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 14 қаңтар N 3329. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3)-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Қазақстан Республикасы кеден органдарының біртұтас жүйесін басқаратын, кеден ісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын, мемлекеттік бірыңғай кеден саясатын жүргізетін және осы мақсатта салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзім ішінде:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы ережені б е к і т с і н ;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің құрылымын, адам санын айқындап, оның қызметін материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін шешсін;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізсін;

4) Республика Үкіметінің бұрын шыққан актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 410-құжат) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті".

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК